

## "Қоғамдық кеңес туралы ұлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандығы № 69 бүйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 488-НҚ бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 8 желтоқсанда № 33743 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2025 жылғы 28 наурыздағы № 112-НҚ бүйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 28.03.2025 № 112-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бүйрық 04.04.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.**

**БҮЙЫРАМЫН:**

1. "Қоғамдық кеңес туралы ұлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандығы № 69 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22264 болып тіркелді) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Қоғамдық кеңес туралы ұлгілік ережесінде:  
4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жұмыс тобының сандық құрамын респубикалық деңгейде мемлекеттік органның басшысы немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органының басшысы, жергілікті деңгейде жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурсты өткізгенге дейін мәслихат төрағасы айқындейды.

Жұмыс тобының құрамында мемлекеттік органнан, квазимемлекеттік сектор субъектісінен өкілдік ету жұмыс тобы мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен аспайды. Осы өкілдіктің дербес құрамын мемлекеттік органның басшысы, мәслихат төрағасы және квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органының басшысы өз бетінше айқындейды.

Жұмыс тобының құрамында азаматтық қоғамнан өкілдік ету жұмыс тобы мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісін құрайды және мемлекеттік органдардың шешімімен тағайындалатын мемлекеттік органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының, мемлекеттік мекемелердің

басшыларын қоспағанда, коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарландыруда көрсетілген мынадай құжаттарды қолма-қол береді немесе мемлекеттік органның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің немесе жергілікті өкілді органның электрондық мекенжайына:

- 1) кандидатураны жұмыс тобының құрамына ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысын және (немесе) азаматтың өтінішін;
- 2) өміrbаян деректері көрсетіле отырып, кандидаттың кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер;
- 3) сотталғандығының болуы не болмауы туралы анықтама;
- 4) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылуышылғардың (аурулардың) болуы не болмауы туралы анықтама;
- 5) кандидаттың дербес деректерін жинауға, өндеуге, таратуға және жариялауға келісімді жібереді.

Жұмыс тобының мүшелігіне кандидат осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көзделген анықтамаларды өз бетінше немесе өзінің қатысуымен Қоғамдық кеңес құрылатын мемлекеттік органның немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің көрсетілген анықтамаларды ақпараттық жүйелерден талап етіп алдыруына жазбаша келісіу арқылы ұсынады.";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Кандидаттар тізімін қалыптастыру аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жұмыс тобына кандидаттардың қатысуымен жұмыс тобының отырысы өткізіледі. Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшесі Қоғамдық кеңес мүшелігіне сайлану үшін конкурсқа жіберілмейді.

10. Қазақстан Республикасының азаматтары, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың өкілдері болып табылатын дауыс беру құқығы жоқ байқаушылар жұмыс тобының отырыстарына қатысуға жіберіледі.

Мемлекеттік орган, республикалық деңгейдегі квазимемлекеттік сектор субъектісі немесе жергілікті деңгейдегі жергілікті өкілді орган жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурссты жариялаумен бір мезгілде бұқаралық ақпарат құралдарында және (немесе) өзінің интернет-ресурсында құжаттарды

беру мерзімдерін, сондай-ақ құжаттар жіберілетін пошталық және электрондық мекенжайларын көрсете отырып, байқаушылардың тізімін қалыптастыру туралы хабарландыруды орналастырады.

Жұмыс тобының отырысына байқаушы ретінде қатысу үшін байқаушы болуға ниет білдірген адам осы Үлгілік ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсқа байқаушы ретінде қатысуға өтінішті мемлекеттік органға, республикалық деңгейдегі квазимемлекеттік сектор субъектісіне немесе жергілікті деңгейдегі жергілікті өкілді органға береді не электрондық поштасына жібереді.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Жұмыс тобының бірінші отырысын республикалық деңгейде – тиісті мемлекеттік органның басшысы, квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органының басшысы және (немесе) олардың орынбасарлары, жергілікті деңгейде мәслихат төрағасы жүргізеді.";

26 және 27-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері Қоғамдық кеңес мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күні ішінде хабарландырудың көрсетілген мынадай құжаттарды қолма-қол береді немесе мемлекеттік органның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің немесе жергілікті өкілді органның электрондық мекенжайына:

1) кандидатураны Қоғамдық кеңестің құрамына ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысын және (немесе) азаматтың өтінішін;

2) өміrbаян деректері көрсетіле отырып, кандидаттың кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер;

3) сотталғандығының болуы не болмауы туралы анықтама;

4) психикалық, мінез-құлыштық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылуышылтықтардың (аурулардың) болуы не болмауы туралы анықтама;

5) кандидаттың дербес деректерін жинауға, өңдеуге, таратуға және жариялауға келісімді жібереді.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көзделген анықтамаларды өз бетінше немесе өзінің қатысуымен Қоғамдық кеңес құрылатын мемлекеттік органның немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің көрсетілген анықтамаларды ақпараттық жүйелерден талап етіп алдыруына жазбаша келісіу арқылы ұсынады.

27. Жұмыс тобы құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде отырыста Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттардан келіп түскен

құжаттарды талқылайды, әрбір кандидатпен әңгімелесуді және әрбір кандидат бойынша ашық дауыс беруді өткізеді.";

29 және 30-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Келіп түскен құжаттарды қабылдау және қарau мерзімі өткеннен кейін жұмыс тобы әңгімелесу рәсімін өткізу мерзімдері мен орнын анықтайды және әңгімелесуге қатысушыларды хабардар етеді.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат әңгімелесуден өтеді, оның барысында оған кандидаттардың кәсіпқойлық, жеке қасиеттерін және қоғамдық кеңестер туралы заңнаманы білуін анықтауға бағытталған, сондай-ақ Қоғамдық кеңеске үміткер мүшелікпен байланысты сұрақтар қойылады.

Қойылатын сұрақтар барлық қатысушы кандидаттар үшін бірдей және саны тең мөлшерде болуы тиіс.

Кандидат пен жұмыс тобының келісуі бойынша әңгімелесу барысы бейнежазбаның техникалық құралдарының көмегімен көрсетілуі, сондай-ақ қашықтықтан бейнебайланыс құралдары арқылы жүргізілуі мүмкін.

30. Әңгімелесу аяқталғаннан кейін жұмыс тобы әрбір кандидат бойынша ашық дауыс беруді өткізеді.

Ең көп дауыс жинаған кандидаттар Қоғамдық кеңестің құрамына сайланған болып есептеледі.

Бірдей дауыс санын жинаған кандидаттар бойынша жұмыс тобының басшысы шешуші дауыс беру құқығын өзіне қалдырады.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Қоғамдық кеңестің қалыптастырылған құрамын республикалық деңгейде – тиісті мемлекеттік органның басшысы, квазимемлекеттік сектор субъектісінде тиісті квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органының басшысы, ал жергілікті деңгейде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мәслихат төрағасы бекітеді және Қоғамдық кеңестің құрамы бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға және (немесе) мемлекеттік органның, республикалық деңгейдегі квазимемлекеттік сектор субъектісінің немесе жергілікті деңгейдегі жергілікті өкілді органның интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Әңгімелесу рәсіміне қатысқан, бірақ ашық дауыс беру қорытындылары бойынша Қоғамдық кеңестің құрамына кірмеген азаматтық қоғам өкілдері қатарынан Қоғамдық кеңеске кандидаттардың резервтік тізімі кейіннен Қоғамдық кеңестің құрамынан шығып қалған мүшелерін алмастыру мақсатында жұмыс тобының шешімімен қалыптастырылады.";

мынадай мазмұндағы 34-1-тармақпен толықтырылсын:

"34-1. Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттар қатарынан резервтік тізімге қоюды жұмыс тобы конкурстық іріктеуге қатысу үшін құжаттарды беру күніне байланысты кезектілік тәртібімен жүзеге асырады.

Жұмыс тобының өкілеттігі тоқтатылғаннан кейін, резервтік тізімнен кандидаттарды одан әрі іріктеуді Қоғамдық кеңес өз бетінше жүргізеді.

Резервтік тізімде тұрған әрбір кандидат жазбаша өтініш негізінде өз қалауы бойынша одан шығады.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Резервтік тізіміндегі кандидат Қоғамдық кеңеске мүше болудан бас тартқан және Қоғамдық кеңеске кандидаттардың резервтік тізімінде басқа кандидаттар болмаған жағдайда, сондай-ақ резервтік тізім болмаған жағдайда Қоғамдық кеңес Қоғамдық кеңестің құрамына қосымша конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

Азаматтық қоғам өкілдігінен сайланған Қоғамдық кеңес мүшесінің өкілеттігі тоқтатылған кезде жаңа мүшени іріктеу резервтік тізімнен жүзеге асырылады.

Қоғамдық кеңес резервтік тізімнен Қоғамдық кеңестің құрамына алынған жаңа мүшелерді республикалық деңгейде – тиісті мемлекеттік органның басшысы, тиісті квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органының басшысы, жергілікті деңгейде – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мәслихат төрағасы бекітеді және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға және (немесе) тиісті органның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда жаңа мүшени іріктеуді Қоғамдық кеңес қосымша конкурс өткізу жолымен жүзеге асырады.";

38 және 39-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Қосымша конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері Қоғамдық кеңес мүшелерін іріктеу жөнінде қосымша конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күні ішінде хабарландыруда көрсетілген мынадай құжаттарды қолма-қол береді немесе мемлекеттік органның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің немесе жергілікті өкілді органның электрондық мекенжайына:

1) кандидатураны Қоғамдық кеңестің құрамына ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысын және (немесе) азаматтың өтінішін;

2) өмірбаян деректері көрсетіле отырып, кандидаттың кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер;

3) сотталғандығының болуы не болмауы туралы анықтама;

4) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылтықтардың (аурулардың) болуы не болмауы туралы анықтама;

5) кандидаттың дербес деректерін жинауға, өндеге, таратуға және жариялауға келісімді жібереді.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көзделген анықтамаларды өз бетінше немесе өзінің қатысуымен Қоғамдық кеңес құрылатын мемлекеттік органның немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің көрсетілген анықтамаларды ақпараттық жүйелерден талап етіп алдыруына жазбаша келісуі арқылы ұсынады.

39. Қоғамдық кеңес құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде отырыста Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттар бойынша келіп түскен құжаттарды талқылауды және осы Улгілік ереженің 29-тармағына сәйкес әңгімелесу рәсімін жүргізеді.

Әңгімелесу аяқталғаннан кейін Қоғамдық кеңес мүшелері әрбір кандидат бойынша ашық дауыс береді.

Ең көп дауыс жинаған кандидаттар Қоғамдық кеңестің құрамына сайланған болып есептеледі.

Бірдей дауыс санын жинаған кандидаттар бойынша Қоғамдық кеңестің төрағасы шешуші дауыс беру құқығын өзіне қалдырады.

Қоғамдық кеңес құрамына қосымша конкурс қорытындысымен сайланған кандидаттарды республикалық деңгейде – тиісті мемлекеттік органның басшысы, тиісті квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органның басшысы, ал жергілікті деңгейде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мәслихат төрағасы бекітеді және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға және (немесе) тиісті органның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.";

мынадай мазмұндағы 49-1-тармақпен толықтырылсын:

"49-1. Қоғамдық кеңестің қалыптастырылған құрамының бірінші отырысында қарапайым көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы Қоғамдық кеңестің төрағасы, төралқа құрамы, Қоғамдық кеңес комиссия құрамдары сайланады.

Төраға мен төралқаның құрамы Қоғамдық кеңес мүшелерінің арасынан азаматтық қоғамнан сайланады.

Төралқа мүшелерінің санын Қоғамдық кеңес өз бетінше айқындаиды.

Өзі болмаған уақытта Қоғамдық кеңестің төрағасы өз міндеттерін атқаруды Қоғамдық кеңес төралқасы мүшелерінің біріне жүктейді.

Қоғамдық кеңес төрағасының өкілеттігі тоқтатылған жағдайда, оның өкілеттігі жаңа төраға сайланғанға дейін Қоғамдық кеңестің шешімі бойынша төралқа мүшелерінің біріне беріледі.";

мынадай мазмұндағы 50-1-тармақпен толықтырылсын:

"50-1. Қоғамдық кеңес өз қызметін ағымдағы жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

Жұмыс жоспарлары Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсыныстары негізінде жасалады және Қоғамдық кеңес туралы ережеге сәйкес Қоғамдық кеңестің отырысында бекітіледі.";

51, 52 және 53-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Заңың 5-бабының 1-тармағында және 5-1-бабының 1-тармағында көзделген өкілеттіктерді іске асыру үшін қоғамдық кеңестер отырыстар өткізеді.

Қоғамдық кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай Қоғамдық кеңестің шешімі бойынша, бірақ тоқсанына бір реттен сиретпей өткізіледі.

Отырыстарды дайындау және өткізу кезінде Қоғамдық кеңес мынадай:

- 1) отырыстардың күн тәртібін, өткізу мерзімдері мен орнын талқылау және бекіту;
- 2) Қоғамдық кеңестің отырысына шығарылатын мәселелерді дайындау;
- 3) осы Улгілік ереженің 53-тармағына сәйкес қажетті қатысуышыларды шақыру;
- 4) отырыс өткізу мәселелерін қарайды.

Қоғамдық кеңестің отырыстарын Қоғамдық кеңестің төрағасы не оны алмастыратын адам жүргізеді.

Қоғамдық кеңестің отырысында хаттама жүргізіледі, оған Қоғамдық кеңестің төрағасы қол қояды және тиісті интернет-ресурста жарияланады.

Отырыстарды өткізудің өзге де мәселелерін Қоғамдық кеңес туралы ережеге сәйкес Қоғамдық кеңес өз бетінше айқындайды.

52. Қоғамдық кеңестің отырысы оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде құқықты деп есептеледі.

Қоғамдық кеңестің шешімдері Қоғамдық кеңес мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

53. Қоғамдық кеңестің отырысына мүдделі мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының, ғылыми, кәсіподақ және басқа да ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ сарапшылар мен өзге де мамандар шақырылады.

Қоғамдық кеңес хатшысы Қоғамдық кеңес мүшелерін, шақырылатын адамдарды және отырыстың өзге де қатысуышыларын отырысты өткізу туралы алдын ала, бірақ ол өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.".

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Зан департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2024 жылғы 4 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрі*

*A. Балаева*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрлігі

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Бәсекелестікті қорғау және  
дамыту агенттігі

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрлігі

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрлігі

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Көлік министрлігі

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Жаржы министрлігі

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрлігі

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Өнеркәсіп және құрылым министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Сауда және интеграция министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Су ресурстары және ирригация министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы қызмет)  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Туризм және спорт министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Экология және табиғи ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК